



ЖЕЛТОҚСАН 2024

ЖУРНАЛ №17

12.12.2024

КІРІСТЕР ҚЫЗМЕТІ

№17



ҰЛЫТАУ

ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
ДЕПАРТАМЕНТІ

КІРІСТЕР
ҚЫЗМЕТІ
ЖУРНАЛЫ



Мемлекеттік кірістер КОМИТЕТІ

№ 17, 12.12.2024

Ғылыми-практикалық
журнал
жылына 4 рет шығады

Журнал ұйымдастырушысы:

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті

Шығарылымға жауапты

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы

Редакциялық алқа:

Абилова Б.Н.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығының басшысы

Қожабергенов Е.К.

ҚР ҚМ МКК Халықаралық ынтымақтастық басқармасының
басшысы

Абылкасимова С.Ж.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы басшысының
орынбасары

Касымкулова Л.Т.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы басшысының
орынбасары

Ташетов М.Д.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы
Цифрландыру және қашықтықтан оқыту бөлімінің бас
маманы

Кобекаева И.А.

ҚР ҚМ МКК Оқу-әдістемелік орталығы
Дүниежүзілік кеден ұйымы Өңірлік оқу орталығының
қызметі ұйымдастыру бөлімінің бас маманы

Бейсенбі, 2024 жылғы 12 желтоқсан
Журнал 2020 жылдан бастап
шығарылады

Астана қ., Республика даңғылы 60,

ҚР ҚМ МКК ОӨО, 010000

Телефон: (7172)39-66-09

e-mail: umc01@mail.ru

www.kgd.gov.kz



Дүйсембиев Жандос Жұмабайұлы

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Мемлекеттік кірістер
комитетінің төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Назарларыңызға үш жүздің басы қосылған, ұлылардың мекені Ұлытау облысына арналған бейіндік веб-журналдың 17-санын ұсынамыз. Орта Азиядағы тарихқа бай өлке жайлы 2022 жылы ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында "Тағы бір мәселе. Бұрынғы Жезқазған облысының аумағында Ұлытау облысын құру қажет. Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды шешім", - деген еді. Міне бүгінде облысқа 2 жыл толып отыр.

Айта кетерлігі дербес облыс құру экономикалық қана емес, рухани жағынан да қабылданған маңызды шешім болып тұр. Ұлытау облысы мен Жезқазған қаласын дамыту жөніндегі жоспармен танысқан ел президенті жоспарға сай екі жыл бұрын арнайы Жошы хан тарихи-мәдени кешеніне барып, Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысына қатысқан болатын. Облысымыздың Ұлытау облысы атануы тегіннен емес. Ұлытау - өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар.

Ұлытау - қазақ тарихының асыл қазынасы, ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің айшықты белгісі. Алты Алаштың басын қосқан Алашадан бастап, азаттық үшін күрескен Кенесарыға дейін қазақ хандары ордасын осында құрған. Ел басына күн туғанда ата-бабаларымыз осынау қасиетті жерде бастарын қосып, бірлікке, келісімге келген.

Оқырмандар осы шығарылымда Ұлытау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мен басқармаларының белді өкілдері мен өз кәсібіне адал, қажырлы еңбегімен ел игілігіне елеулі үлес қосып жүрген мемлекеттік кірістер органдарының ардагерлері мен қызметкерлері жайлы, сондай-ақ қала тарихы мен мәдени кешендермен, Департамент тарихы мен ішкі-сыртқы жұмыстарымен танысады. 2024 жыл атаулы мерекелер, атап айтқанда 25 қазан - Республика күнін, 15 қараша -Ұлттық валюта күнін атап өттік. Ендігі 33 жыл толғалы отырған, тау етер тәуелсіздігіміз 16 желтоқсан -Тәуелсіздік күнін күтудеміз. Құрметті оқырмандар Республикамыз бен облысымыз үшін мәртебелі болған мерекемен сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай! Әр отбасыға бірлік пен береке, бақыт пен табыс тілеймін!

Біздің оқырмандар үшін журналдың кезекті шығарылымы қызықты әрі танымды болатынына сенімім мол!



Орынов Ғалымжан Қалдыкөзұлы

Ұлытау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің басшысы

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАНДАР!

Ұлы тұлғалар туып - өскен Ұлытау топырағы - киелі топырақ.

Ұлытау өңірі - исі қазақтың рухани бесігі. Тәтті тәуелсіздігіміздің мерекесі қарсаңында шыққалы тұрған веб-журналымыз Ұлытау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде қажырлы еңбек, тынымсыз ізденістің арқасында салық пен кеден саласының қара қазанында қайнап, пісіп әкетілген шыңдалған өмірлік тәжірибесі кәсіби шеберлігі тоғысқан Департамент қызметкерлері жайлы қалың оқырманның назарына 17-санды веб-журналымызды ұсынбақпыз. Салалы сабақтастықпен ғана шектелмей өз өңіріміздің рухани жағына да кеңінен тоқталдық. Бар қазаққа киелі де ардақты, қымбатты мекен кербез облысымыздың орталығы мысты қала Жезқазғанның тарихы жайлы үлкен мақтанышпен жаздық. Қазақ халқында «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» деген даналық сөз бар. Біз үшін оқырман қауым таудай биік.

Оқырмандарымыз веб-журналымыз арқылы Департаменттің тыныс-тіршілігі, сондай-ақ өңір тарихымен кеңінен таныса алады. Салық және кеден саласының майталмандары, қадірлі ардагерлеріміз де назардан тыс қалмады.

Ұлтқа үлгі, ұрпаққа өнеге болатын тағылымды журналымызда Департамент қызметкерлерінің елдік мүдде жолындағы игілікті істері жайлы кеңінен қамтылып жазылған.

Біздің журнал - ұлттың шежіресінен сыр шертетін тарих қана емес, жас буынға айтар өсиеті мол қымбат қазына деп білеміз.



25 ҚАЗАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КҮНІ

1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР Мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Құжатта тұтастық, бөлінбеушілік, қол сұғылмаушылық және халықтар мәдениеті мен олардың тілдерін дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттары бекітілген. 2022 жылдан бастап бұл күн ұлттық мереке мәртебесіне ие болды.


15 ҚАРАША - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРЖЫГЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Қазақстанда 15 қараша күні - Ұлттық валюта күні, қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып жарияланған. Қазақстандық теңге 31 жасқа толды. Дәл осы күні алғашқы Қазақстандық теңге айналымға еніп, кеңестік рубльдің тарихына нүкте қойылды.

Ұлттық төл валюта кез-келген мемлекеттің саяси және экономикалық тәуелсіздігінің атрибуты болып табылады.

16 ЖЕЛТОҚСАН - АТА БАБАМЫЗДЫҢ АРМАНЫ ОРЫНДАЛЫП, ЖАСАМПАЗДЫҒЫМЫЗДЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРГЕН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Тәуелсіздік - бұл кез-келген мемлекеттің зор мәртебесі, сондай-ақ баға жетпес ұлттық құндылығы. Өткен 33 жылдың ішінде еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және халықаралық аренада танымал болып, әлемдік саяси-экономикалық жүйеде өзінің лайықты орнын алды.



ҰЛЫТАУ



Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тарихымыздың куәсі.

«Үш жүздің басын қосқан Ұлытауда бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, бірліктің туын желбіреткен. Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ кигізге көтеріп, таққа отырғызған. Сондықтан біз Ұлытау жеріне Хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп ерекше құрметпен қараймыз! Қасиетті мекенді барша әлемге танымал ғалымдар да мойындаған.

«Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық қана емес, рухани жағынан да маңызды»

ҚР Президенті Қ.Тоқаев



ҮШ ЖҮЗ БАС ҚОСҚАН ОРТАЛЫҚ

Ұлытау өңірінің Қазақстанның барлық бөліктерін байланыстыруы, оның саяси орталық ретінде қалыптасуының бірден-бір себебі болды.


Өңірдің саяси бірлесуге қолайлы болғанын Жошы ханның ұлыс орталығы ретінде Ұлытауды таңдауы, Қасым ханның ордасын құруы, Абылай хан тұсында үш жүз бас қосқан орталық болуы көрсетеді.

Шежірелерде айтылатын Қарахан, Алаша ханның Ұлытау аумағында билік құруы да өңірдің қазақ тарихындағы саяси ерекшелігін аңғартады.

Ортағасырлық қалашық, бекіністердің орыны далалық өркениеттің көрінісі, XIX ғасырда тұрғызылған күмбездер, мазарлар, мешіттер саяси биліктің, қоғамның дағдарысқа ұшыраған кезіндегі тарихтың белгісі болып отыр. Осыдан келіп, Ұлытау атауы қазақ халқының түсінігінде таудың биіктігі емес, жердің халық үшін тарихи маңыздылығын көрсетеді.



ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ



Ұлытаудың ұлы атануы тауының биіктігінен емес, суының көптігінен емес, ол тарихтың үлкен оқиғаларында бүкіл ұлы қауымның бас қосқан, ортақ шешімге келген жері болғандықтан, Ұлытау атанған.

Әбіш Кекілбаев

Қазақстан халқы бірлігінің монументі

Еуразия көшпенділерінің тарихында Ұлытау өлкесі (қазақша «ұлы таулар») ылғида ерекше қасиетті орын алатын, көпшілік үшін бұл жерлер көшпелі өркениетінің эпицентрі болып табылады.

Кесенелер, жартастағы суреттер, ежелгі қалалар орындары, тарихи мен аңызды оқиғалар, әр түрлі табынатын ғибадат орындары тоғысқан жер аясында Ұлытау Сары-Арқа және жалпы қазақ жерінің орталығы болып саналады.



Ұлытау өңірінің саяси маңыздылығы географиялық орналасуымен анықталады. Бұл жер Орталық Қазақстан аумағында орналасып, Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, шығысы және батыс жерлерімен шекаралас жатыр.


Бүгінде қазақ халқы ерекше құрметтейтін саяси оқиғалар өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштерінен көрініс тауып отыр.



ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ

Ақмешіт әулие шыңы

Ұлытау өңірі табиғи-географиялық жағдайымен ерекшеленетін ұлан-ғайыр аумақты қамтиды. Солтүстігінде Арғанаты таулары, Терісаққан өзені, батысында Қарақұм, Торғай, Ырғыз өзендері, шығысында Сарысу, оңтүстігінде Бетбақ дала шөлі мен Шу өзенінің алқабы аралығын алып жатқан аумақтың ортасы Ұлытау таулары болып табылады. Ұлытау тау жүйесінің орташа биіктігі 400-600 м, орталық бөлігі 800-1000 м, шоқылы, қыратты бірнеше тау жоталары жиынтығынан тұрады. Оңтүстіктен солтүстікке қарай тау сілемдерінің ұзындығы 300-500 км, ені 150-200 км. Ең биік нүктесі-Ақмешіт әулие шыңы. Биіктігі 1133 м. Бұл тау шыңы Ұлытау өңірінде тарихи және мәдени тұрғыдан маңызды орын болып табылады. Ақмешіт әулие шыңының айналасында көптеген әулиелер мен діни тұлғалардың қабірлері орналасқан, және ол халық арасында қасиетті орын ретінде танымал. Тау шыңының атауы да осы жердегі ежелгі діни сенімдер мен халықтық мұралармен байланысты. Халық арасында ғибадат ету және қажылық орындары ретінде пайдаланылған.



Әулие тау шыңы

Әулие тау шыңының атауы — Әулие тас. Бұл тау шыңы Ұлытау өңіріндегі қасиетті және тарихи маңызды орындардың бірі болып табылады. Әулие тау шыңының атауы халық арасында діни, мәдени және тарихи маңызы бар орын ретінде танымал. Әулие тау ежелден қажылықтар мен табынушылық орындары ретінде пайдаланылған, себебі ол табиғи сұлулығымен және ерекше энергетикалық күшімен белгілі.

БАС ҚАМЫР

Басқамыр — ортағасырлық қамал-қала орны. Көне деректерде Қиян (Хиям) қаласы оғыздардың бас қаласы ретінде аталады. Идриси картасында ол Сарысуға (Руза) құятын Кеңгір (Магра) өзенінің бас жағында, Ертағы (Ұлытау) тауының шығыс бетінде тұр. Оның орналасқан жері біз Басқамыр атап жүрген ежелгі қаланың жұртына дәл келеді. Қаланың осы өңірде тұрған орынын анықтауға С.Г. Агаджанов пен Ә.Х. Марғұлан үлкен үлес қосты.

Басқамыр ескерткіші Жезқазған қаласынан 83 км жерде, Ұлытау ауданындағы Жезді кентінен 25 км теріскейде, Жезді өзенінің сол жағалауындағы, Талдысай өзенінің құйылысында, Ескұла шоқыларының қойнауында орналасқан.



Қамал-қаланың жалпы ауданы 90x90 м. Кіретін бас қақпасы Ұлытауға баратын ескі керуен жолына қарай бағытталған. Қаланың орны шаршы. Қабырғаларының ұзындығы 80 м жақын. Ортасында трапеция пішіндес цитаделі бар. Қаланың сырты да, цитаделі де ормен және одан шыққан жал топырақпен қоршалған. Қоршаудың астыңғы іргесі жалпақ гранит тастармен, үстінгі жағы тас пен күйдірілген кірпіштен аралас өрілген. Сыртқы жалдың ені 5 м, биіктігі 1,4 м. Цитадель жалының жалпақтығы 12 м, биіктігі 2,3 м. Қаланың ішкі солтүстік бұрышында арық бойымен келетін ауыз су сақталатын шұңқыр бар. Қаланың ауданы 310 шаршы метр бөлігінде қазба жұмыстары толық жүргізілді. Цитадельдің ішкі қабырғаларына жапсарлас жеті бөлменің орны ашылды. Едендері балшықпен сыланған. Ішінде диаметрі 0,5-0,9 м, тереңдігі 0,3 м ашық ошақтармен қатар күйдірілген кірпіштен қаланған пеш кездесті. Цитадельдің бұрышында биіктігі 2,3 м мұнара қалдықтары сақталған. Ішінен қыштың сынықтарынан басқа тас, ағаш және металдан (темір, мыс, қола) жасалған бұйымдар көп табылды.



ТАРИХИ – МӘДЕНИ
ЕСКЕРТКІШТЕР



ЖОШЫ ХАН КЕСЕНЕСІ

ЖЕЗҚАЗҒАН қаласынан солтүстік-шығысқа қарай **50** км жерде,
ҚАРАКЕҢГІР өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ 10 ДЕРЕК

800 ЖЫЛ

- I.** Жошы – Шыңғыс ханның алғашқы әйелі Бөртеден шамамен 1182 жылы туған үлкен ұлы.
- II.** Шыңғыс хан Бөртеден туған төрт ұлына барлық жерін үлеске бөлгенде Жошының еншісіне Ертіс өзенінен бастап батысқа қарай Қыпшақ даласы түгел тиеді.
- III.** Жошы ұлысы – Жошының өкесінен басқаруға алған иелік жерінің атауы. Астанасының бірі – Сарайшық қаласы.
- IV.** 1227 жылы Жошы хан Орталық Қазақстан аумағында аң аулап жүріп, өкесі Шыңғыс ханнан жарты жыл ерте қайтыс болады.
- V.** Жошы хан кесенесі бүгінге дейін Орталық Қазақстандағы Ұлытауда тұр.
- VI.** Жошы ұлысы 1236-1242 жж. Жошының екінші ұлы Батудың «Батысқа жеті жылдық жорығы» нәтижесінде батыста Дунай өзеніне дейін кеңейеді.
- VII.** Жошы ұлысы 1269 жылғы Талас құрылтайынан соң жеке мемлекет болып, Алтын Орда аталды деген ғылыми тұжырым қалыптасқан.
- VIII.** Алтын Орда Шығыс Еуропаның Орал тауларынан Днепр өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерді алып, Сібірге терең бойлады. Оңтүстігінде Қара теңізбен, Қапқаз тауларымен және Персиямен шектесетін аумақты алып жатты.

IX. Жошы ханның екінші ұлы – Бату ханның ұрпақтары Алтын Ордада 1227-1359 жж. (Берке ханның 1256-1266 жж. билігімен қоса) 132 жыл билік құрды.

X. Жошы ұрпақтары – Керей мен Жәнібек хандар Жошы ұлысының сол қанатында XV ғ. ортасында Шу бойындағы Қозыбасыда Қазақ хандығының негізін қалаған. Қазақ хандары мен сұлтандары – Жошы ұрпақтары.

Жошы ұлысы

Үгедай ұлысы

Шағатай ұлысы

JOSHY HAN

ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ



Жошы хан тарихи-мәдени кешені

Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошыға бағынған тайпалардың бәрі қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болу керек.

Жошы хан күмбезі порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әкімшілік Жобаның аумағы 9,55x7,25 м. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты порталы.



Тарихи-мәдени кешеннің ауласында тақта отырған Жошы хан ескерткіші орнатылған. Ескерткіш маңында тақырыптық тұрғыда безендірілген шатыр кілемдермен және әшекейлермен көмкерілген, сонымен қатар суретке түсушілерге арналып символикалық тақ орналастырылған. Тақтың алдына Кетбұқаның балауыз мүсіні мен кешен аумағында «Ақсақ құлан» шағын сәулет нысандары мен күймелер, тулар, тұғырлар қойылған.

Кешен ғимаратында экспозициялар мен демонстрацияларға арналған залдар, намазхана, кешенге келуші саяхатшы қауым мен қонақтарға арналған демалыс бөлмелері бар.





Ұлттық банк Жошы ұлысының 800 жылдығына арнайы монеталар шығарды

«Монеталардың дизайнында Жошы хан ескерткішінің бейнесі қолданылған. Оның авторы – қазақстандық мүсінші, муралист-суретші Ғазиз Ешкенов.

«Айрықша оқиғалар мен тұлғалар» сериясына енген монеталар 5000, 2000, 1000 және 200 теңге номиналында, күміс 925/1000 және мельхиордан жасалған.



АЛАША ХАН КЕСЕНЕСІ



Ұлытау облысының республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енген XV - XVI ғасырларда халық шеберлерінің қолымен алынған Қазақстандағы бірден-бір ерекше архитектуралық ескерткіш.

Кесене Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Қаракеңгір өзенінің оң жақ аңғарында, Малшыбай ауылынан 2 км жерде салынған. Мазар төрт бұрышты етіп қызыл кірпіштен қаланған, күмбезді. Сырт көрінісі кірпіштен әр түрлі-кескінді өрнекпен қаланған. Өрнектің түрлері әсіресе кіреберіс бетінде шығыс кілемнің суретімен безендірілген.

Алаша хан күмбезі Ұлытаудың Қаракеңгір өзені жағасында (Сарыкеңгір өз-нің құярлық саласында) биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз-қыпшақ заманындағы (10-13 ғасырлар) сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілер әлі де жаңа болжамдар (15-16 ғасырлар деушілер де бар) айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткішке ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғы замандарға сілтейді. Алаша хан күмбезі порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Аумағы — 9,73 x 11,9 м. Биіктігі — 10 м. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Олардың көлемі 230 x 14 x 60 мм, 260 x 230 мм, 320 x 320 x 60 мм, т.с.с әртүрлі болып келеді. Құрылыс үстінен биіктігі екі жарым метрге жуық (231 см) барабан — күмбез мойындығы салынып, одан күмбез шығарылған.



АЯҚҚАМЫР КҮМБЕЗІ



Ұлытау облысы Жезді кентінің солтүстік-батысқа қарай 9 км жерде орналасқан. Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биіктігі 1 м тас іргетастың үстіне 8,10x9,84 м көлемде тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті П әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс түзу аркамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі 9 — 11 ғасырлардағы осындай құрылыстарға тән.

Аяққамыр мазары шамамен 14-ғасырдағы Құтлық Темір мазары деп аталған деген болжам бар. Аяққамыр мазары Жезді өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Аяқамыр мазары жайлы Шоқан Уалиханов өз еңбектерінде атап кеткен болатын. Мазар порталды күмбезді күрделі құрылыстар қатарына жатады. Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27x27x6 см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды. Сақталған портал бөлігінің биіктігі - 6,75 м. Ішкі периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 5,75x5,75 м. Сыртқы периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 8,0x10,0 м.



ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ



АЙРАНБАЙ КҮМБЕЗІ, БЕСКҮМБЕЗ

Ұлытау ауданы, Алғабас ауылынан оңтүстікке қарай 35 км жерде, Сарыкөңгір өзенінің оң жағалауында орналасқан. Күмбез шамамен 1870 жылы шикі кірпіштен қаланып, іші-сырты күйдірілген қышпен қапталған. Бескүмбезді мавзолей төрт жарты сфералы күмбезбен жабылып, солардың үстіне үлкен күмбез орналасқан.



БОЛҒАН АНА КҮМБЕЗІ

Ұлытау ауданы, Талап ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км жерде, Сарысу мен Қаракөңгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. Аңыздарда Болған ананы Алаша ханның келіні деп те айтады. Кесененің қасбетіндегі арқалы, порталды кірер аузының айналасы қуыстана қаланып, қабырғаның өрнегі ретінде жасалған.



ДОМБАУЫЛ КЕСЕНЕСІ

Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде, Қаракөңгір өзенінің сол жағасында.

Астыңғы қабаты шаршы пішіндес, үстіне киіз үй тәріздес күмбез салынған. Астыңғы бөлігінің аумағы 8,9×7,9 м, қабырғасының қалыңдығы 2 м, ішінің аумағы 4×4 м, есігі сопақшалау етіліп оңтүстік-шығыс жақтан шығарылған. Бұған жалпы биіктігі 1,2 м болатын төрт баспалдақ арқылы кірелі. Кешеннің еденіне тас аралас тапырық жайып, оның үстіне жалпақ тақта тастар төселген. Қабырғалары 3 м көтеріліп барып, көлденең бөренелермен жабылған.

Домбауыл кесенесі ғалымдардың пікірінше Орталық Қазақстандағы ең көне құрылыстардың бірі болғанымен есте қалады. Домбауыл ғұндар билеген кезде салынған болып есептеледі.





ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ



ДУЗЕН КЕСЕНЕСІ

Ұлытау ауданы Қаракеңгір өзенінің оң жақ жағалауындағы Қарақұдық сайында орналасқан. Ғимаратты 1863 — 1866 жылдары халық шебері Сералы Еламанұлы Дүзен Сандыбайұлының қабірінің басына тұрғызған. Ғимараттың бүрмеленген күмбезі он қырлы мойындықпен көтерілген. Ал іргесінің сыртқы өлшемі 8,5x10,2 м, ішкі өлшемі 5,4x5,4 м. Оның айналасы үш жолақты жақтаумен қоршалған. Ортадағы жолақ шаршы өрнектеліп ойылған тақтайша кірпішпен әрленген. Ал қалған 3 қасбетінің қабырғасы “ромб” пішінді қалаумен өрілген.

ЛАБАҚ КҮМБЕЗІ

Ұлытау ауданы Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде, Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан. 1874 жылы шикі кірпіштен қаланған, іші мен сырты күйдірілген кірпішпен қапталып өрілген. Ескерткіштің ауданы 7,25x8,25 м, биіктігі 6,45 м. Кіре беріс есігі оңтүстік-батысында. Төрт бұрышты пішіннен дөңгелек күмбезге ұласу бұрыш қуыстары арқылы жүзеген асқан.





ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ



КЕТЕБАЙ КҮМБЕЗІ


Ұлытау ауданындағы Малшыбай ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 20 км жерде, Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан. Күмбез 1898 жылы, әрі би, әрі батыр Кетебай Жолайұлына арнап тұрғызылған. Ауданы 6,55x6,35 м, есігі бар бөлігінің биіктігі 5,55 м, іргетасынікі – 80 см. Ғимараттың іші мен сырты күйдірілген кірпішпен қапталған.

МАҚАТ САҒАНАСЫ

Ұлытау облысы Ұлытау ауданы Қорғасын ауылынан солтүстік-батысқа қарай 8 км қашықтықта, Қараторғай өзені жағасында.

Мақат Саржанұлына арнап тұрғызылған (1923). Сыртқы ауданы 5,5x5,6 м, жалпы биіктігі 6 м. Құрылысына көлемі 26x12x7 см болып келетін кірпіштер пайдаланылған. Сыртқы бұрыштары мен қабырға жиектері кірпішті жартылай доғал қалау арқылы шығыңқы бағанамен өрілген. Конус тәріздес күмбезі дөңгелек негіздің үстіне орнатылған.





ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

Қазақстан Республикасы
Президентінің
Жарлығына сәйкес
2022 жылғы 8 маусымда
құрылды.





ӘКІМШІЛІК ОРТАЛЫҒЫ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ

Облыс 2 аудан мен 3 қаладан тұрады. Әкімшілік орталығы Жезқазған қаласы (1939 жылы Кеңгір жұмысшы кенті ретінде құрылып, 1941 жылы Үлкен Жезқазған болып өзгертілді. 1954 жылы 20 желтоқсанда Үлкен Жезқазған жұмысшы кенті қала мәртебесіне ие болды). Мысты өлке, Қазақстанның ірі түсті металлургия орталығы болып табылады.

Жер аумағы 227 000 м²

Халық саны 221 600 адам

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ



Климаты шөлейт (күрт континенталды), құрғақ. Қысы суық, жазы ыстық және құрғақ. Күн жылуының мөлшері көптеген ауылшаруашылық және бақша дақылдарын өсіруге мүмкіндік береді. Температура абсолютті максимумы +45,1С, минимумы -41,1С.

Облыс құрылымы:

- Жезқазған қаласы – жер аумағы 91619 м²
- Сәтбаев қаласы – жер аумағы 69571 м²
- Қаражал қаласы – жер аумағы 18699 м²
- Жаңаарқа ауданы – жер аумағы 34759 м²
- Ұлытау ауданы – жер аумағы 12351 м²

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ СХЕМАЛЫҚ КАРТАСЫ.

Автодорога областного значения

1. Караганда-Самарка-Атасу-Айнабулак км 61-204
2. Астана-Коргалжын-Баршино-Шубарколь-Кызылжар км 228-292
3. Каражал-Шалгия км 0-81
4. Каражал-Ақтау км 0-61
5. Каражал-Жамбыл км 0-72
6. Каражал-Атасу км 0-28
7. Улытау-Бозтумсык-Малшыбай-Сатпаев, км 0-226
8. "Жезказган-Петропавловск"-Жезды-Карсақпай-Байконур-Косколь км 0-221

Автодорога областного значения - 896 км

- По Жанааркаинскому району 451 км, ответственный от УПТИАД - Кенжетев Давлет Сарсембаевич тел. 8 705 424 70 09
- По Улытаускому району 445 км ответственный от УПТИАД - Болатов Дулат Галымжанұлы тел. 8 705 155 12 47

- Республиканская дорога
- Областная дорога



Металл кен орындарына бай өндірістік қала - **ЖЕЗҚАЗҒАН**



Қаланың негізгі экономикалық бағыты түсті металлургия, машина жасау және металл өндіру, энергетика және тағам өнеркәсібі. Мыс балқыту зауыты - мыс өнеркәсібі ірі кәсіпорын. Академик Қ.Сәтбаевтың 1935 жылы «Жезқазғанның жер жүзілік маңызы бар мыс байлықтарын пайдаға асыру» жолындағы ғылым ойы мен көрегендігі нәтижесінде туған идеясы негізінде 1966 жылы Жезқазғанда жаңа мыс зауытының құрылысы басталды. Ол 1971 жылы пайдалануға беріліп, осы жылдың 23 ақпанында алғашқы катод мысын берген күннен зауыттың жаңа тарихы басталады. 1977 жылы күкірт қышқылы цехының төртінші жүйесі іске қосылып, зауыт толық қуатына көшті. Жылына орта есеппен 250 мың тонна таза мыс өндіріледі. Негізгі өнім тазалығы 99,99% бағаланған катод мысы халықаралық нарықта жоғары сұранысқа ие. Ол Голландия, Швеция, Түркия, Жапония, Қытай т.б. елдеріне жөнелтіледі. Негізгі өнімнен басқа зауытта қорғасын тозаңы, алтын, күміс, рений шығарылады.





Сәтбаев қаласы

1956 жылы салынып жатқан жаңа жұмысшылар поселкесіне Никольск деген ат берілді. 1973 жылы 25 желтоқсанда поселке Никольск қаласы болып ауысты. 1954 жылдан 1973 жылға дейін қала Жезқазған қаласының, кейін Жезқазған облысының қарамағында болды. 1990 жылы 13 қыркүйекте Никольск қаласы Сәтбаев қаласы болып ауыстырылды. 1958 жылы аймақтық барлық түсті металлургия комбинаты құрылды, кейін ол «Түстімет» ғылыми

өндірістік бірлестігі деп аталды. Бұл ірі кәсіпорын 1995 жылы дүниежүзілік аты бар ірі мыс компаниясы болып келетін «Қазақмыс» корпорациясына ауысты. Сәтбаев қаласы өндірістік объектілерінен «Қазақмыс» корпорациясы құрамында ірі Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Анненский, Дала және Жомарт кеніштері жұмыс істейді. Бүгінде Сәтбаев қаласын шахтерлердің мекені деп те атауға толық негіз бар.



Қаражал қаласы

1963 жылы 8 қаңтарда қала мәртебесі берілді. 1955 жылы «Атасу-Қаражал» темір жолы пайдалануға берілгеннен кейін өлкеде өндіріс қарқын дами бастады. «Батыс Қаражал» карьері іске қосылып, «Атасу рудстрой» тресі құрылды. 1956 жылы Қаражалдан алғашқы жоғары сапалы кен тиелген платформалар Ресейдің Урал металлургиялық комбинатына жол тартты. 1970 жылдары Қаражал қаласына қарасты Жәйрем кенті Бүкілодақтық екпінді



комсомолдық құрылыс болып жарияланды. Кеңес одағының түкпір-түкпірінен ағылған жастар өлкенің дамуына зор үлесін қосты. Қазіргі таңда «Жәйрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ, «Өркен Атасу» ЖШС «Өркен» өкілдігі, бариттік ауырлатқыш шығаратын, темір-маргенец кенін өндіретін, барит концентратын өндіретін, тау жыныстары массасын өңдейтін серіктестері жұмыс істеп тұр. Бүгінде қала қарқынды даму үстінде.



Жаңаарқа ауданы


Аудан 1928 жылы құрылған. Мал шаруашылығымен (жылқы малы) айналысады. 1000 жаңаарқалық тұрғын бір мезгілде 10 мың литр қымыз пісіп, Гиннестік әлемдік рекорд кітабына енді. Бұл 2018 жылы ауданның 90 жылдығына, С. Сейфуллиннің 125 жылдығына қарай «Рухани жаңғыру» аясында өткен болатын. Бұл мекеннен көптеген атақты тұлғалар да шыққан.



Ұлытау ауданы

Аудан 1939 жылы құрылған. Егін, дәнді дақылдар егумен айналысады. «Рухани жаңғыру» аясында Ұлытау ауданының Болатсай елді мекенінде ұйымдастырылған этноауылда, «Көкмайса» этнофестивалі, Халықаралық «Жезкиік» фольклорлық музыкаға арналған фестивалі өткізіліп тұрады. Ұлытау – ұлан-байтақ еліміздің кіндігі, көшпенді өркениетіміздің, мемлекетіміздің қалыптасу орталығы.





ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР ДЕПАРТАМЕНТІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің салықтардың, кедендік және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ететін, кеден ісі саласындағы мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындайтын уәкілетті аумақтық органы болып табылады.



Жезқазған қаласы, Бейбітшілік даңғылы 26

+7 (7102) 73-40-49



БАСШЫЛЫҚ ҚҰРАМ



**ҒАЛЫМЖАН
ҚАЛДЫКӨЗҰЛЫ
ОРЫНОВ**
БАСШЫ



**ҚАНЫШ ТӨЛЕУҰЛЫ
НАЗАРЫМБЕТОВ**
БАСШЫ ОРЫНБАСАРЫ



**АЛМАС КАМАЛҰЛЫ
ШАЙМЕРДЕНОВ**
БАСШЫ ОРЫНБАСАРЫ



АДАМ РЕСУРСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ

Адам ресурстары басқармасы Департаменттің стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған құзыретті, жоғары білікті, бастамашыл адам ресурстармен жасақтауды жүзеге асырады. Адам ресурстары басқармасы қызметкерлерді тарту, оларды оқыту, үйрету, дамытуға байланысты шешуші стратегиялық мәселелерді шешеді. Кадрларды іріктеу, орналастыру, біліктілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау, консультативтік-әдістемелік және практикалық көмек көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастырады. Қызметкерлердің оң жұмыс тәжірибесін зерделеу, жинақтау олардың кәсіби өсулерін бақылау басқарма құзіретіндегі негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Адам ресурстары басқармасы өз құзіреті шегінде Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің Қазақстан Республикасының салық, кеден саласындағы және өзге де заңнамаларды бұзушылық жасауын, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзбауын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзбауын, (Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі), сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауын, сонымен қатар мемлекеттік қызметте болуына байланысты «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулерді және (немесе) мемлекеттік қызметшілердің міндеттерін сақтамауын алдын алуда профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰПИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ



- облыстың мемлекеттік кірістер органдарының алдында құпиялылық режимін сақтау талаптарын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерге рұқсаты бар лауазымды адамдарды мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтермен таныстыру;
- мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді қорғауға арналған техникалық, криптографиялық, бағдарламалық және басқа да құралдарды, олар іске асырылған құралдарды қорғау, бақылау жасау;
- мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді пайдаланудың қажеттілігі туындаған кезінде басқа ұйымдармен олардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалану туралы шарттар жасасу.

ЗАҢ БАСҚАРМАСЫ

- Департамент қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету,
- сот және басқа да мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Департаменттің мүдделерін белгіленген тәртіппен құқықтық құралдармен ұсыну және қорғау,
- салық, кеден, еңбек даулары мен әкімшілік істерге қатысу,
- құқықтық қамтамасыз ету әкімшілік хаттамалар және қаулылар, мониторинг ҚНЕ – заңнамадағы өзгерістер туралы ерқашан хабардар болу,
- камералдық бақылау, даулы мәселелерді қарастыру.



ҰЙЫМДАСТЫРУ- ҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫ



«Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 2023 жылға – 1239 өтініш, 2024 жылдың 11 айында – 728 өтініш түсті, 2023 жылдан ауыстырылғаның саны – 11, оның ішінде 706 өтініш қаралды, мерзімі ұзартылып қаралғаны – 2, мерзімі бұзылған өтініштер қаралғаны – 0, құзыреті бойынша орталық мемлекеттік органға қайта жіберілгені – 57, жергілікті атқарушы органдарға жіберілгені – 1, аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына жіберілгені – 57, ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға жіберілгені – 2, басқа ұйымдарға жіберілгені – 12. Әкімшілік тәртіппен қаралғаны – 354, оңайлатылған тәртіппен қаралған – 216, 2024 жылдың қараша айының соңында 29 өтініштер «орындалуда» статусымен белгілінген.

Порталда 2022 жылы өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша Департамент пен жеткізушілер (мердігерлер) арасында 131,5 млн.теңгеге 102 шарт жасалған, 2023 жылы 135,4 млн.теңгеге 163 шарт, 2024 жылдың 11 айында 105,4 млн.теңгеге 107 шарт жасалды.

2024 жылға жеке қаржыландыру жоспары бойынша өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Мемлекеттік кірістер комитеті Департаментке 119,7 млн.теңге бөлді.

Өткен кезеңде басқарма жаңа тауарлық-материалдық құндылықтарды сатып алды, компьютерлік техниканы толық қайта жарақтандыруды аяқтады, 6 бірлік жаңа арнайы автокөлік сатып алынды.

2024 жылы Департамент ғимаратында ағымдағы жөндеу жұмыстары басталып, жылу жүйесі мен электр сымдары толығымен ауыстырылды.

Қазан айында Сәтбаев қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының әкімшілік ғимаратында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.





АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БАСҚАРМАСЫ

2022 жылдан бастап Ақпараттық технологиялар басқармасы Мемлекеттік кірістер департаменті мен өңірлік басқармалар үшін тиімділікті арттыру және қазіргі заманғы технологиялық шешімдермен қамтамасыз ету мақсатында көптеген маңызды бастамаларды жүзеге асырады.

Кең ауқымды қадамдардың бірі есептеу техникасын жаңарту болды. Бұл кезеңде Департамент пен өңірлердегі пайдаланушылар үшін 150 компьютердің толық жаңартылуы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, перифериялық құрылғылар, яғни принтерлер, сканерлер және көпфункционалы құрылғылар жаңартылып, жұмыс өнімділігі мен сапасы айтарлықтай жақсарды.

Киберқауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерлердің артуын ескере отырып, АТБ барлық деректерді қорғау шараларын қамтамасыз етеді. Бұл тек техникалық шаралармен ғана шектелмейді, сонымен қатар ақпаратты шифрлау, антивируспен қорғау, деректерді қорғауды ұйымдастырады. Басқарма сондай-ақ қызметкерлерді оқыту, кіру тестілерін өткізу, сондай-ақ желідегі аномальды әрекеттерді бақылау сияқты ұйымдастырушылық шараларды да жүзеге асырады.

Қызметкерлердің келесідей ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді: Documentolog, е-өтініш, Салық әкімшілігі ақпараттық жүйесі. Кеден, Электронды шот фактура, Qoldau-порталы, е-қызмет, Салықтық есептілікті өңдеу жүйесі, Орталықтандырылған сәйкестендірілген дербес шоттар, Қазынашылық-Клиент, Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйе, Біріккен деректер қоймасы т.б.



ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР БАСҚАРМАСЫ

Көпшілікке белгілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының миссиясы – елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, салықтық және кедендік жүйелердің ашықтығын арттыру және ұлттық бюджеттің тұрақты толықтырылуын қамтамасыз ету. Бұл мақсатта біздер салықтық және кедендік тәуекелдерді тиімді талдап, басқару арқылы экономикалық белсенділікті ынталандыруға және бизнестің сенімін арттыруға ықпал етеміз.

Мемлекеттік кірістер органдары заманауи ақпараттық технологияларды және деректерді талдау құралдарын қолдана отырып, алдын алу шаралары арқылы салықтық және кедендік бұзушылықтарды төмендетуді мақсат етеді. Адал салық төлеушілерге қолайлы жағдай жасап, қауіп-қатерлерді уақытылы анықтап, басқару арқылы тұрақты және әділетті салықтық-кедендік жүйені қалыптастыруды көздейді. Осы мақсатта Ұлытау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Талдау және тәуекелдер басқармасы нәтижелі жұмыс атқарып келеді.

Ұлытау облысы бойынша 2024 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің жалпы түсімі 303,2 млрд.теңгені құрады, сонымен бірге осы кезеңде республикалық бюджеттен қазақстандық өнімді экспорттаушыларға «0» мөлшерлемесі бойынша 65,5 млрд.теңге сомасында қосылған құн салығы қайтарылды.



Бюджеттер кесіндісінде тарқатып айтатын болсақ, өңірімізде республикалық бюджеттің 11 айдағы жалпы түсімдері 209,2 млрд.теңгені құрады, ал жергілікті бюджеттің жалпы түсімдері 94,0 млрд.теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 112% немесе 10,0 млрд.теңгеге артық қамтамасыз етілді.

Әріптестерімізбен бірлесе атқарған жұмыстың нәтижесінде, тек республикалық бюджетке ағымдағы жылдың 11 айында 10,4 млрд.теңге қосымша резервтер ел қазынасына өндірілді.

Жыл басынан бері салықтар мен төлемдер бойынша мемлекеттік қазынаға түсетін түсімдерді ұлғайту мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану арқылы облыс бойынша 186 салық төлеушілерді қамтитын 16 мақсатты тәуекел топтары бойынша талдау жұмыстары жұмылдырылды, олардың жалпы айналым сомасы 7 429,0 млн.теңгені құрайды. Бүгінгі таңға біздің қызметкерлердің күшімен жалпы айналым сомасы 2 218,0 млн.теңгені құрайтын 130 салық төлеушілер бойынша зерделеу, салықтық бақылау жұмыстары аяқталды. Жыл соңына дейін 5 211,0 млн.теңге айналым сомасы бар 56 салық төлеушілерге қатысты салықтан жалтару немесе салық міндеттемелерін төмендету тәуекелдеріне талдау жұмыстарын аяқтауды мақсат етіп отырмыз.

Тұтастай алғанда Департаменттің Талдау және тәуекелдерді басқару басқармасының мақсаты мен миссиясы елдің экономикалық тұрақтылығын арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және халықаралық сауданың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған және алдағы уақытта да осы бағытта аянбай тер төгетіндеріне сенімді.







МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ БАСҚАРМАСЫ

Ағымдағы жылдың 9 айында 149 186 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде электрондық түрде 149 009 немесе 99,9%, қағаз түрінде 177 немесе 0,1%.

Облыс бойынша 3 322 заңды тұлға және 234 565 жеке тұлға, 17 655 дара кәсіпкер, 41 жеке нотариус, 54 адвокат, 26 жеке сот орындаушы және 5 кәсіби медиатор есепте тұр.

Бірыңғай байланыс-орталығында 1 оператор бар. Бүгінгі күні халықтың байланыс-орталығымен қанағаттану көрсеткіші 96% көрсетіп отыр.

Жыл басынан бері жаппай түсіндіру жұмысы және БАҚ жарияланымдары бойынша келесідей жұмыстар атқарылды:



БІЗДІҢ ДЕПАРТАМЕНТ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ



@ulytau_mkd: Әлемде Instagram қолданушылар саны 2 миллиардтан асады. Платформа түрлі жас топтары мен аймақтарды қамтитын кең ауқымды аудиторияға ие болып, әлі күнге дейін ең танымал әлеуметтік желілердің бірі болып қала береді. Біздің Департамент те тыс қалмай Instagram желісінен 2022 жылдың қыркүйегінде парақша ашқан болатын. Бүгінгі таңда парақшамызда 9 мыңға жуық жазылушы бар. Instagram Департамент пен халық арасындағы байланыс құралы десе болады. Себебі бұл желіде халықпен кері байланыс жасалады, тікелей эфирлер, брифингтер ұйымдастырылады. Біздің Instagram парақшамыз контенті мен белсенділігі бойынша облысымыздағы ең үздік парақшалардың бірі болып табылады.



Ұлытау М.К.Д (<https://www.facebook.com/profile.php?id=100085837066359>):

Біздің Департаменттің Facebook парақшасы — бұл облыс тұрғындарымен байланыс орнатуға арналған маңызды алаң. Осы парақша арқылы біз өз қызметтеріміз туралы ақпаратты жариялап, азаматтарға мемлекеттік қызметтер мен жаңалықтар туралы хабардар болуға мүмкіндік жасаймыз. Facebook — бұл бүкіл әлемде кеңінен қолданылатын платформа, және біз оның көмегімен тұрғындармен тиімді байланыс орнатып, сұрақтарға жауап беріп, ұсыныстар мен пікірлерді тыңдай аламыз. Парақшаға жазылып, біздің жұмысымыз туралы жаңалықтардан хабардар болыңыз!



@ulytau.mkd: TikTok Қазақстанда соңғы бірнеше жылда ерекше танымал бола бастады. Бүгінде TikTok тек көңіл көтеру мен шығармашылық контент жасау алаңы ғана емес, сонымен қатар ақпарат тарату, кеңестер беру және қоғаммен байланыс орнату үшін де маңызды құралға айналды. Бұл трендті біздің Департамент те ескере отырып, TikTok парақша ашып, түрлі жаңалықтар мен маңызды ақпараттарды тұрғындарға тиімді түрде жеткізуді мақсат етіп қойдық. Парақшада біз түрлі бейнемазмұндар, пайдалы кеңестер мен жаңалықтармен бөлісіп, қоғаммен өзара байланысымызды нығайтуды жалғастырамыз.



Бұқаралық ақпарат құралдарымен және халықпен тығыз байланыстамыз



АУДИТ БАСҚАРМАСЫ



Аудит басқармасы құрамына аудит бөлімі, салықтық әкімшілендіруді электронды бақылау бөлімі, резидент емес салық төлеушілерімен жұмыс және ірі салық төлеушілерімен жұмыс бөлімдері кіреді.

Ағымдағы жылдың 11 айында 18 кешенді тексеру аяқталды, оның ішінде салық төлеушінің салықтық өтініші бойынша таратуға 15 тексеру жүргізіліп аяқталды. Нәтижесінде айыппұл санкцияларымен 88,0 млн.теңге қосымша салық есептеліп, толық өндірілді. Сонымен бірге, 1,4 млрд. теңге сомасына шығындар азайтылған. Қазіргі уақытта 5 салықтық тексеру жүргізілуде шамамен 330,2 млн.теңге қосымша есептеледі деп жоспарлануда. Нысаналы топты пысықтау бойынша 290,0 млн.теңге анықталып және қосымша есептелді.

Салық аудиті бойынша қосымша резерв жоспарын орындау шеңберінде 510,1 млн.теңге сомасында салық түсімдері қамтамасыз етілді. 2023 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда салықтық тексерулер бойынша өсу қарқыны 108% құрайды.(2023 жылы – 649 млн.теңге., 2024 жылы – 697,1 млн.теңге).


**01.11.2024 ж. 18 кешенді тексеріс аяқталды
оның ішінде**

**15 СТ қызметін
таратуға**

**88 млн теңге
айыппұл өндіру**

**1,4 млрд. теңге
шығындарын
азайту**

салықтық тексерулер бойынша өсу қарқыны 108%




КАМЕРАЛДЫҚ МОНИТОРИНГ БАСҚАРМАСЫ



Бүгінде жыл басынан бастап орындалған хабарламалар саны - 346, бұзушылық сомасы – 7 309,0 млн.теңге, есепке жатқызылғаны - 2 892,0 млн.теңге, төлем арқылы өндірілгені - 1 503,0 млн.теңге, өндіру тиімділігі - 52%.

Жыл басынан жасалған қортындылар саны - 1 826 бұзушылық, сомасы - 32,2 млрд.теңге, оның ішінде:

- расталған хабарламалар саны - 1 282 (автоматтандырылған камералдық бақылау (АКБ) - 1212, қолмен жасалған камералдық бақылау (КЖКБ)-70),
- бұзушылық сомасы - 24,9 млрд.теңге (АКБ-23,6 млрд.теңге, КЖКБ - 1,3 млрд.теңге),
- тиімділігі саны бойынша - 70,2%, тиімділігі сомасы бойынша - 73,3%.



2024 жылға бекітілген жоспар - 2 438,0 млн.теңге, камералдық бақылау нәтижелері бойынша өндірілгені - 1 363,0 млн.теңге, орындалысы - 56%.

Сонымен қатар мемлекеттік бюджетке төмендегі мақсатты топтар бойынша қосымша салықтық төлемдер өндіріліп алынды.

«Орындалмаған хабарламалар» бойынша салық төлеушілер саны - 12, хабарламалар саны - 32, бұзушылық сомасы 1 400,0 млн.теңге.

«Орындалған хабарламалар» бойынша салық төлеушілер саны - 9, хабарламалар саны - 10, бұзушылық сомасы 323,0 млн.теңге немесе салық төлеушілер санының орындалу тиімділігі - 75%.

«Бұғатталған электронды шот-фактура (ЭШФ)» бойынша салық төлеушілер саны - 12, блоктағы жабдықтаушылар саны - 17, салық соммасы - 689,0 млн.теңге, орындалған хабарламалар саны - 9, бұзушылық сомасы 379,0 млн.теңге немесе хабарламалардың орындалу тиімділігі - 53%.

«Кемшіліктер түзетілмеген» бойынша салық төлеушілер саны - 9, хабарламалар саны саны - 11, бұзушылық сомасы - 147,0 млн.теңге, орындалған салық төлеушілер саны - 5, бұзушылық сомасы - 54,0 млн.теңге немесе салық төлеушілер санының орындалу тиімділігі - 56%.

«Басқа құжаттар» бойынша салық төлеушілер саны - 4, бұзушылық сомасы - 48,0 млн.теңге, орындалған салық төлеушілер саны - 4, бұзушылық сомасы - 48,0 млн.теңге немесе салық төлеушілер санының орындалу тиімділігі - 100%.





ЖАНАМА САЛЫҚТАРДЫ ӘКІМШІЛЕНДІРУ БАСҚАРМАСЫ

2023-2024 жылдар кезеңі бойынша 13 тексеру жүргізіліп, 133,3 млрд.теңге сомасында қосылған құн салығы қайтарылды.

Камералдық бақылау жұмыстарын сапалы орындау нәтижесінде республикалық бюджетке 514,3 млн.теңге өндірілді.

Еуразиялық-экономикалық одақ елдер арасындағы әкелетін тауарлар бойынша қосылған құн салығы 105 115 бюджеттік сыныптама коды бойынша республикалық бюджетке 5 000,0 млн.теңге түсті.



Ұлытау облысы аумағында 2023–2024 жылдар аралығында Департамент қызметкерлері мен Ұлытау облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментімен бірлесіп жеке тұлғалардың алкоголь, темекі және мұнай өнімдерінің заңсыз айналымын анықтады.

Бірлескен іс-шараларды өткізу нәтижесінде сәйкестендіру құралдарынсыз 147 254 қорап темекі өнімдері, есепке алу-бақылау маркаларынсыз 8 855 литр көлеміндегі 5 литрлік пластикалық бөтелкедегі алкоголь өнімі және жекелеген қызмет түрлеріне тіркеусіз, ілеспе жүк құжаттарынсыз 23,5 тонна дизель отыны анықталды және тәркіленді.

Алкоголь және темекі өнімдеріне ең төменгі бөлшек сауда бағаларын қолдануды ескере отырып, алынған өнімнің жалпы құны 150,0 млн.теңгеден асады.

Осылайша, заңсыз кәсіпкерлік фактісінің жолын кесумен қатар, тұрғындардың сертификатталмаған алкоголь өнімдерімен жаппай улануына жол берілмеді.





ӨНДІРІСТІК ЕМЕС ТӨЛЕМДЕР БАСҚАРМАСЫ



2024 жылдың 9 айдың қорытындысымен өндірістік емес төлемдерді әкімшілендіру нәтижесінде салық түсімдер бойынша республикалық бюджетке және жергілікті бюджетке барлығы 18 025,3 млн.теңге түсті. Ағымдағы болжамның орындалуы 107,9% құрады немесе бюджетке артығымен 1 324,7 млн.теңге өндірілді.

Жеке тұлғадан берешекті өндіріп алу мақсатында Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 128-бабының 2-тармағына сәйкес 01.10.2024 жылға жалпы 5 414 салық бұйрықтары 229 879,9 мың теңгеге шығарылды. Оның ішінде бюджетке 3 166 бұйрық бойынша 115 956,7 мың теңге немесе 50,4% өндірілді, 2 248 бұйрық бойынша 113 923,2 мың теңге немесе 49,6% орындалу барысында.

Республикалық бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз етудің жылдық жоспары 28,0 млн.теңгеге жеткізілді. Бүгінгі күнге 22,7 млн.теңге қамтамасыз етілді.



АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 11 АЙЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА СӘЙКЕС 250.00 НЫСАНЫН ТАПСЫРУ НӘТИЖЕСІ БОЙЫНША ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

93,4%



Жыл басынан бастап 1464 түсіндірме жұмыстар өткізілді, оның ішінде салық төлеушілермен кездесулер (семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.) - 332, теледидар, жүгіру жолы - 60, интернет (әлеуметтік желілер, сайт, портал және т. б.) - 472, ақпараттық стендтер - 332, билбордтар -12 және апта сайын 256 ZOOM конференция өткізілді.



ҚАРЖЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕС

Қазақстандағы азаматтардың қарызының артуы еліміздің әлеуметтік жағдайына және қаржы жүйесінің тұрақтылығына айтарлықтай әсер етуде. Бұл мәселе экономикалық тұрақсыздықтың бір себебі ретінде жиі көтеріліп келеді. Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті 2019 жылы алғаш рет қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы жарлыққа қол қойып, 500 мың адамға кепілсіз несиелерін кешіруге мүмкіндік берген болатын. Бұл шара, әрине, бір реттік бастама болып қалды, алайда ол қарыз жүктемесінің ауырлығын жеңілдетуге белгілі бір дәрежеде әсер етті.

2023 жылы күшіне енген жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң экономикалық жағдайды реттеуге қосымша мүмкіндік берді. Осы заңның нәтижесінде борышкер азаматтар үшін соттан тыс банкроттық рәсімін жүзеге асыру мүмкіндігі ашылды. Бұл шара қарыздардан құтылуға тырысқан азаматтарға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған тиімді қадам болып табылады.

Өткен жылы Қазақстан Үкіметіне қатысты жаңа тапсырмалар мен шешімдер қабылданып, жеке тұлғалардың қаржылық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырыла бастады. Жыл басынан бері жеке тұлғалардың соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға қатысты 491 өтініш қаралды. 62 өтініш бойынша қаржылық мониторинг жүргізіліп, 39 жеке тұлға банкрот деп танылды. Алайда, 390 өтініш бойынша банкроттық рәсімінен бас тартылды, бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді.

Бұл жағдай экономистер мен саясаткерлердің назарын аударып, банкроттық рәсімінің тиімділігін арттыруды, азаматтардың қаржылық

сауаттылығын көтеруді және әлеуметтік қорғау шараларын күшейтуді талап етеді. Банкроттық рәсімінің көбірек қолданылуы жеке тұлғалардың қаржылық тәуекелдерін төмендетуге, қарыздық дағдарыстардан шығуға көмектеседі, бірақ бұл тек жүйелі реформалар мен тұрақты экономикалық саясаттың нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін.



БЕРЕШЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ



Қазақстанның қаржы секторында берешектермен жұмыс істеу мәселесі барған сайын маңызды рөл атқарып келеді. Ел экономикасының дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі – қарыздық жүктеменің тиімді басқарылуы. Осы қажеттілікті ескере отырып, Қазақстанда берешектермен жұмыс басқармасы құрылды, ол азаматтар мен кәсіпорындардың қаржылық міндеттемелерін реттеп, елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.



Жалпы бересі 2024 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 596,7 млн.теңгені құрап, жыл басымен салыстырғанда 794 млн.теңгеге немесе 57,1% төмендетілді. (01.01.2024 жылы – 1390,6 млн.теңге)

Мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдану арқылы қосымша резерв 582,6 млн.теңге салықтық түсімдер түсірілді, оның ішінде:

- дебиторлардан өндіру арқылы 231,3 млн.теңге
- инкассалық өкім арқылы 351,3 млн.теңге





КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ БАСҚАРМАСЫ

Кедендік әкімшілендіру блогы басқармасы бойынша қазіргі таңда 251 млн.теңге мөлшерінде резервке дейін жоспар жеткізілді, оның ішінде құны – 1 406 млн. теңге, жетілдіру – 91,9 млн. теңге және пост-кеденді аудит – 7,4 млн.теңге.

Жыл басынан қосымша резервтер бойынша жоспарды орындау шеңберінде Кедендік әкімшілендіру басқармасы бойынша 150 418,0 мың теңге өндірілді.

Жоспарға сәйкес жіктеу мен тауарлардың шығу тегі бойынша 9 984,0 мың теңгеге жоспар берілген, нақты түсім 91 932,0 мың теңге немесе 1 105% орындалды.

Қосымша резервтер бойынша жоспарға сәйкес кедендік әкімшілендіру құны, жеңілдіктер, қорғау шаралары 455,0 мың теңгеге жеткізілді. 1 406,0 мың теңгеге немесе 309% орындалды.

Қосымша резервтер бойынша жоспарға сәйкес кедендік әкімшілендіру рәсімдері 26 796,0 мың теңгеге жеткізілді. Нақты түсімдер – 29 000,0 мың теңге немесе 108%.

Қосымша резервтер бойынша жоспарға сәйкес тауарларды шығарғаннан кейінгі кедендік әкімшілендіру бойынша 7 461,0 мың теңгеге жеткізілді немесе 102% түсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ

<https://keden.kgd.gov.kz/>



Ұлытау облысы бойынша МҚД



Мемлекеттік кірістер комитеті валюталық бақылау органдарының біріне айналды. Бұл бағытта үлкен жұмыс атқарылды және тиісті заңнамалық өзгерістер енгізілді.

2024 жылы 1 қаңтардан бастап Ұлытау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер комитетінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне 8 материал түсті. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБТК) 251-бабымен 2 материал бойынша жалпы сомасы 33,2 млн.теңгеге әкімшілік айыппұл салынды (валютаны репатриациялау мерзімін бұзу). 4 материал бойынша ӘҚБТК 244-бабымен (Валюталық шарт үшін есептік нөмірді алу тәртібін бұзу) ескерту берілді. 2 материал бойынша бұзушылық анықталмады. 21 бұзушылық карточкасы түсті. ӘҚБТК 244-бабымен (Валюталық шарт үшін есептік нөмірді алу тәртібін бұзу) 11 материал бойынша ескертулер берілді. 10 материал бойынша бұзушылық анықталмады.

Ұлттық Банк Мемлекеттік кірістер комитетіне өзінің автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне қолжетімділік берді. Ағымдағы жылдың 11 айының қорытындысымен бақылау іс-шараларын жүргізудің мынадай нәтижелері бар.

Ұлттық банктен алынған 9 материал бойынша тексеру іс-шаралары жүргізілді. Оның нәтижесінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 251-бабымен 8 материал бойынша жалпы сомасы 61,5 млн.теңгеге әкімшілік айыппұл салынды (валютаны репатриациялау мерзімін бұзу). 1 материал үш жыл өтуіне байланысты жабылды.



03.08.2024 жылы
«ҰЛЫТАУ» кедендік
рәсімдеу орталығы
(КРО) Кеден бекеті
құрылды.

Жыл басынан «Ұлытау – КРО» кеден бекетінде «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС және басқада сыртқы экономикалық қызмет (СЭҚ) қатысушыларымен барлығы 1034 тауар декларациялары (ТД) рәсімделді. Олар жер асты техникалары, жабдықтар және тағы сол сияқты өндіріске арналған тауарлар.

«ҰЛЫТАУ» КРО КЕДЕН БЕКЕТІ



Импорт кедендік рәсімі бойынша 219 тауар декларациясы (ТД) рәсімделді.

Экспорт кедендік рәсімі бойынша 815 ТД рәсімделді, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесі арқылы.

- сары дәліз – 559 ТД
- көк дәліз - 6 ТД
- қызыл дәліз – 3 ТД (жүк алушы «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ «мыс сульфаты» тауары Өзбекстаннан және «БАРС» ЖШС Қытайдан «алюминий қалақтары» тауары). Кедендік тексеріп қарау барысында құқық бұзушылықтар анықталмады.
- жасыл дәліз – 466 ТД.



Сыртқы экономикалық қызмет тарапынан:

Экспортталған тауарлардың жалпы салмағы 3 666 192 483 тонна, статистикалық құны 3 254 117 645,0 мың АҚШ доллары.

Импортталған тауарлардың жалпы салмағы 12 639 431,39 тонна, статистикалық құны 35 510 814,41 мың АҚШ доллары.

Жолаушылар кедендік декларациясы – 30.



ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МКБ

2022 жылғы 8 маусымда Қазақстанда жаңа әкімшілік-аумақтық реформаның аясында Жезқазған жеке облыс орталығы мәртебесін алды. Ол жаңадан құрылған Ұлытау облысының орталығы болып жарияланды. Бұл шешім аймақтың экономикалық, мәдени және тарихи маңыздылығын арттыру мақсатында қабылданған.

Құрылу мақсаты: Ұлытау өңірінің тарихи-мәдени мұрасын дамыту, экономикалық әлеуетін арттыру және жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту.

Аймақтың ерекшелігі: Ұлытау – қазақ халқының тарихы үшін ерекше маңызды өңір. Бұл жерде Қазақ хандығының қалыптасуы, ұлттың бірлігі мен руханиятына қатысты оқиғалар орын алған.

Жезқазған аймағының негізгі өнеркәсіптік бағыты – мыс өндіру. Осыған байланысты, табиғи ресурстарды пайдаланушыларға қойылатын салықтар маңызды рөл атқарады. Мысалы, «Қазақмыс сақтандыру компаниясы» АҚ, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Транко Жез» ЖШС, «Мэйкер» ЖШС және т.б. – аймақтың басты салық төлеушілері болып табылады.



**Ерлан
Мұқанғалиұлы
Исмағанбетов**

Басшы





Едіге Ердәулетұлы Қасен

Басшы орынбасары

Сонымен қатар басқарма 5 бөлімнен тұрады, штат бойынша қызметкерлер саны - 24. Қызметкерлердің аз санына қарамастан Жезқазған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Ұлытау облысына салық түсімдерінің 90% жуық үлесін құрайтынын атап өту қажет.

2024 жылы 11 айдың жергілікті бюджет түсім жоспары 60 695 773,0 мың теңге болса, орындалуы 64 493 723,00 мың теңгені құрады немесе 106,3% (оның ішінде облыстық бюджет түсім жоспары 34 451 654,25 мың теңге, орындалуы 37 492 148,2 мың теңгеге немесе 105,8%, қалалық бюджет түсім жоспары 25 244 118,7 мың теңге, орындалуы 27 001 574,7 мың теңгеге немесе 107,0% орындалды). 2023 жылмен 11 айымен салыстырғанда жергілікті бюджеттің өсу қарқыны 114,7% немесе 8 280 633,00 мың теңге артық қамтамасыз етілді.

2024 жылдың 9 айдың қорытындысымен бюджет алдына берешек 782 615 мың теңгені құрады, бұл ретте 2024 жылдың басымен салыстырғанда (908 432,36 мың теңге) 125 817 мың теңгеге немесе 14% түсті, оның ішінде салық берешегі 127 880,0 мың теңгеге немесе 22% азайды.

Жезқазған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 101 983 жеке тұлғаларға, 6 916 жеке кәсіпкерлер мен 2 104 заңды тұлғаларға сапалы және мерзімді қызмет көрсетуде. Ағымдағы 2024 жылдың 11 ай көрсеткіші бойынша 75 619 мемлекеттік қызмет, оның ішінде заңды тұлғаларға 17 716, жеке тұлғаларға 57 898 қызмет көрсетілді.



СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МКБ



Мақсат Сексенбайұлы Бейсекеев

Басшы

1954 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңестің өкімімен болашақ кен-метталургия комбинаты еңбекшілерінің тұрғын үй қорын жасау үшін жаңадан Никольский кентін салу шішімі қабылданды. 1973 жылы 24 желтоқсандағы жарлығымен Никольский кенті облыс деңгейіндегі қала болып құрылды. 1990 жылы қыркүйекте қаламыздың негізін салушы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев есімі берілді.

Кенді аймақты жан-жақты зерттеп оның қазба байлықтарын игеру жөніндегі игі жұмыстар қазақтың ұлы ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімімен тікелей байланысты Қаныш атындағы қала жыл сайын өсіп өркендей түсуде. Топырағында дананың ізі қалған қалада бұл күндері Қ.Сәтбаев атындағы көше, мектеп, ғалымның ескерткіші орнатылған.

Қаланың жалпы ауданы 1,1 мың шаршы км аумақты алып жатыр. Халық саны 69 985 адамды құрайды.

Сәтбаев қаласының өнеркәсіп орындарынан «Қазақмыс» корпорациясының қарамағына алты кеніш - Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Аненск, Степной кеніштері, шахта проходкалау тресі, байыту фабрикасы кіреді. Сондай-ақ 10 жылдан аса уақыт тіркеуде тұрған, табыс тауып үзбей салық төлеп келе жатқан келесі салық төлеушілерді атап өтуге болады: "Самға" ЖШС, "Сатпаевский завод минеральных и фруктовых вод" ЖШС, "Айнур-Айжан" ЖШС, "Стальресурс" ЖШС, "МАСТЕРОК!_SAT" ЖШС, "С-МУНАЙ" ЖШС.

Бүгінде Сәтбаев қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының штаттық құрылымы 9 мемлекеттік қызметкерден тұрады. Атап айтқанда басқарма 2 бөлімнен құралған, штат саны бойынша әр бөлімге 4 маман және басқармаға 1 басшы қарастырылған.

Шағын мемлекеттік штатқа қарамастан, басқарма 24 200 жеке тұлға, 4 249 жеке кәсіпкер мен 560 заңды тұлғаға сапалы және мерзімінде қызмет көрсетуде.



Сапалы жұмыс жүргізу барысында жыл сайынғы түсімдер соммасының қарқыны ұлғаюда, яғни 2023 жылмен салыстырғанда түсімдер көлемі 123% ұлғайып, қала экономикасының дамуына ықпал жасауда. Жалпы 2024 жылдың жоспары 19 342 784,0 теңгені құрап, 11 айында бюджетке 15 492 378,0 теңге түсіп отыр.



ҚАРАЖАЛ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША МКБ

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен №2 (421) 08 қаңтар 1963 жылы Қарағанды облысының Қаражал қалалық кенті облыстық бағыныстағы қалалар санатына жатқызылсын деген шешім қабылданды.

Сарыарқаның шексіз даласының төсінде, оқтай тізілген шоқырлардың арасында әсем сазды атауы бар «Қаражал» деген қала бой түзеді. Бүгінгі таңда Қаражал – республикамыздың маңызды тау-кен орталығы, Қарағанды қаласындағы металлургиялық зауыттар мен Қазақстанның мұнай кәсіпорындарына шикізат жеткізуші болып табылады.

Қаланың жалпы ауданы 12 662 км аумақты алып жатыр, онда көп ұлтты Қазақстанның көптеген ұлттары мен ұлыстарының өкілдері – 18 707 адам тұрады.

Бүгінгі таңда өңірде ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар: «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамы, «Өркен ЖШС «Өркен Атасу» өкілдігі, бариттік ауырлатқыш шығаратын «Қаражал Оперейтинг» ЖШС, темір – марганец кенін өндіретін «INDJAZ» ЖШС жұмыс жасайды.

Бүгінде Қаражал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының штаттық құрылымы 5 мемлекеттік қызметкерлерден тұрады. Атап айтқанда басқарма 1 бөлімнен құралған, штат саны бойынша 4 маман және басқармаға 1 басшы қарастырылған.



Шағын мемлекеттік штатқа қарамастан, басқарма 15 889 жеке тұлғаға, 1387 жеке кәсіпкер мен 187 заңды тұлғаға сапалы және мерзімінде қызмет көрсетуде.

Сапалы жұмыс жүргізу барысында жыл сайынғы түсімдер соммасының қарқыны ұлғаюда, яғни 2023 жылмен салыстырғанда түсімдер көлемі 115,6% ұлғайып, қала экономикасының дамуына ықпал жасауда. Жалпы 2024 жылдың жоспары 5 096 144,0 мың теңгені құраса, 11 айында бюджетке 5 023 232,0 мың теңге түсіп отыр.



**Қаныш
Мұхтарұлы
Әлмағанбетов**
Басшы



ЖАҢААРҚА АУДАНЫ БОЙЫНША МКБ

1923 жылы бұрынғы болыстар қосылып аудан аталғанда сайлау өткізуге келген Балаубаев Салкен ауданның атын «Асанқайғы» деп қойған. 1929 жылға дейін Асанқайғы болып келген өңірге, Жаңаарқа атауын қоюға қоғам және мемлекет қайраткері Сакен Сейфуллин себепкер болды.

2024 жылдың 1 мамырына халықтың жалпы саны – 30 869 адамды құрады. Этникалық құрамы: қазақтар – 28 492 адам (92,3%), орыстар – 1 667 адам (5,4%), басқа этнос өкілдері - 710 адам (2,3%).

2024 жылдың 11 айына сәйкес тіркеуде тұрған салық төлеушілер саны – 3 485, оның ішінде 284 - заңды тұлға, 3 201 - жеке кәсіпкерлер, ал оның ішінде - 987 шаруа қожалығы бар. Қосымша құн салығы бойынша тіркелген салық төлеушілер саны - 38 құрайды. Сонымен қатар акциз төлеушілер саны - 62, оның ішінде алкогольді бөлшек саудада сататындар саны -59, мұнай өнімдерін бөлшек саудамен сататын – 3 салық төлеуші.

Жаңаарқа ауданын дамытудың мамандануы - ауыл шаруашылығы бағыты. 987 шаруа қожалығы, 12 ЖШС, 9 өндірістік кооперативі тіркелген.

Жаңаарқа ауданы негізінен мал шаруашылығын дамыту аймағына жататындықтан мал түрлері тұқымдарын жақсарту бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Аудан бойынша асыл тұқымды мал түрлерін өсірумен 42 шаруашылық айналысады. Олардағы жалпы асыл тұқымды мал басы түрлері 4 483 басты құрайды. Оның ішінде асыл тұқымды ет бағытындағы «Қазақтың ақбас» 3 399 бас ірі қара малын өсірумен 30 шаруашылық, 991 бас «Герефорд» малын өсірумен 10 шаруашылық, 93 бас «Симменталь» малын өсірумен 2 шаруашылық субъектілері, 1184 асыл тұқымды «Жабы» жылқысын өсірумен 2 шаруашылық айналысса, 19384 бас қазақтың қылшық жүнді құйрықты етті майлы бағытындағы «Еділбай» асыл тұқымды қой малын өсірумен 6 шаруашылық айналысып келеді.

Жаңаарқа ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 2024 жылдың 11 айын жақсы көрсеткіштермен аяқтады.

Мемлекеттік бюджеттің болжам сомасы 4 516,1 мың теңге болса, бюджетке нақты түскені 5 375,7 мың теңге, орындалуы 119% немесе 859,6 мың теңге артық түсіп отыр. 2023 жылдың 11 айымен салыстырғанда өсу қарқыны 128,1% немесе 1 180,6 мың теңге артық қамтамасыз етілді.

Бұның ішінде жергілікті бюджеттің салықтық түсімдер бойынша болжам сомасы 3 179,2 мың теңге болса, бюджетке түскені 3 943,4 мың теңге, орындалуы 124% немесе 764,2 мың теңге артық түсіп отыр.

Жыл сайын электронды көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны артып, қағаз түріндегі қабылданатын өтініштердің саны азайып келеді.



**Ахат
Құрманұлы
Түсіпбеков**

Басшы





ҰЛЫТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША МКБ



Жасұлан Қуанышұлы Мұханбетов

Басшы

1939 жылы 16 қазанда Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен бұрын Қарсақбай ауданына қарап келген Ұлытау өз алдына аудан болып бөлініп шықты. Міне, ағымдағы жылы ауданымыздың құрылғанына тура 85 жыл толды. Ауданның жалпы көлемі - 121 694 шаршы км, халық саны - 12 822 адам. 155 заңды тұлға, 1 765 дара кәсіпкерлер тіркелген.

Ұлытау. Осы бір ауыз сөз ұлтымыздың төл атындай естіледі. Ұлытау дегенде қай қазақ баласының болсын құлағы елең ете қалары анық.

Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы аудан игілігі үшін өзіндік үлесін қосып жүрген бірден – бір мекеме.

Штаттық құрылымы 5 мемлекеттік қызметшіден тұрады. Атап айтқанда 1 басқарма басшысы, 1 бөлім басшысы, 3 бас маман. Келісім шарт негізінде 2 қызметкер, яғни 1 іс-жүргізуші. 1 архивариус жұмыс істейді.

Басқарма бюджеттің деңгейлері көлемінде барлық салықтар бойынша болжамның және түсімнің өсу қарқынының орындалуын қамтамасыз ету, камералдық бақылау жұмысын әкімшілендіру, қосымша қор көздерін анықтау арқылы түсім көлемін ұлғайту, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, артық төлемдерді азайту, берешектерді төмендету, борышкерлер санын азайту бағытында жұмыс жасауда.

Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы 1 құрылымдық бөлімшеден тұрады, ол салық төлеушілермен жұмыс бөлімі. 2024 жылдың 11 айында атқарылған ауқымды істерге тоқталсақ: жергілікті бюджет бойынша бекітілген болжам сомасы 6 469,9 млн.теңге, нақты түсімі 6887,0 млн.теңгені құрады, орындалғаны 106% немесе 417,1 млн.теңгеге артық. 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда өсу қарқыны 104% немесе 305,0 млн.теңге артық қамтамасыз етілді. Ұлытау ауданының жергілікті бюджеті негізінен өндірістік емес салық түрінен құралады, атап айтқанда заңды тұлғалардың жер, мүлік салығы болып табылады. Ол салықтар "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ - "Қарағанды магистралдық желі бөлімшесі" филиалы, "АстанаГаз ҚМГ" АҚ, "ҚазТрансОйл" АҚ, "ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз" АҚ сияқты кәсіпорындардан түседі.

2024 жылдың 11 айында салық төлеушілерге 11 541 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Жыл сайын электронды көрсетілетін қызмет саны артып, 99,9 % құрап отыр.



МЕМОРАНДУМ



МЫҚТЫ МАМАН – ТАБЫС ТҰТҚАСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында жаңа Салық кодексін әзірлеу барысында асығыстыққа жол бермеу керектігін атап өтті. Бұл маңызды құжатты қабылдау келесі жылға қалдырылды. Алда салық салу жүйесін түбегейлі жаңғырту міндеті тұр және бұл сала мамандарына зор жауапкершілік жүктейді.

Қай салада да табыс тұтқасы – мықты маман. Қызметкерлердің кәсібилігі мен адалдығы мекеме сапасын арттырудың негізі. Сондықтан, біздің Департаменттің басты мақсаттарының бірі – заманауи талаптарға сай қабілетті жас мамандар тәрбиелеу. Осы орайда, Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды технологиялық университеті және Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетімен «Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы» меморандум әзірленді.

Меморандум жоғары оқу орындары түлектерінің мемлекеттік кірістер органдарында тәжірибеден өтіп, білімін шыңдауы мен жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Ұлытау облыстық Мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік қызметке кадр даярлау мен жастарды тарту ісіне ерекше көңіл бөледі. Күшті кадрлар – күшті мемлекеттің негізі. Мықты маман – кез келген мекеменің табыс кілті.

ҚАРАЖАЛДЫҢ МАҚТАНЫШЫ — САЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ КӘСІБИ МАМАНЫ



Ботагөз Жұмаділдәқызы Макажанова

Салық төлеушілермен
жұмыс бөлімінің басшысы



2024 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығына сәйкес, Ұлытау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Қаражал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы Ботагөз Жұмаділдәқызы Макажанова «Құрмет» орденімен марапатталды.

Ботагөз Жұмаділдәқызы 1967 жылы 1 қаңтарда Ұлытау облысының Қаражал қаласында дүниеге келген. Ол салық саласында 35 жылдан астам еңбек тәжірибесіне ие. Еңбек жолын 1989 жылы Қаражал қаласының Салық инспекциясында салық ревизоры ретінде бастап, кейін аға салық инспекторы және бас салық инспекторы қызметтерін атқарған. Қазіргі таңда Қаражал қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы қызметін атқарып келеді. Өз саласында жоғары кәсіби біліктілігімен танылған, адалдығы мен еңбекке деген ерекше көзқарасымен ерекшеленетін Ботагөз Жұмаділдәқызы бүгінде ересек екі қыздың анасы, олар отбасын құрып, өмір жолдарын тапқан.






Ұлытау облысы бойынша МҚД



60 ЖАС — ЕҢБЕК ЖОЛЫНДАҒЫ АДАЛДЫҚ ПЕН КӨШБАСШЫЛЫҚ

**Мылтықбай
Қордабайұлы
Серікбаев**

Камералдық мониторинг
басқармасының басшысы



Салық саласында 28 жылдық еңбек өтілі бар, Камералдық мониторинг басқармасының басшысы Мылтықбай Қордабайұлы өз өмірінің мерейлі 60 жылдық белесіне қадам басып отыр. Бұл мерейтой — оның ұзақ жылғы еңбегінің, қажырлы жұмысының және кәсіби жетістіктерінің нәтижесі. Мылтықбай Қордабайұлының өмір жолы мен еңбекқорлығы, оның таңдаған кәсіби бағытын абыроймен жалғастыруы әріптестері мен барлық сала мамандарының жоғары бағасына ие.

Еңбек жолын қарапайым қызметкер ретінде бастап, бүгінде салық саласында жетекші орынға көтерілген Мылтықбай Қордабайұлы өз мамандығына деген адалдығы мен кәсіби шеберлігі арқасында талай белестерден өтті. Оның басшылығымен Камералдық мониторинг басқармасы салық саласында тиімді жұмыстарды жүзеге асырып, үлкен нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Мылтықбай Қордабайұлының әріптестері мен қызметтестері оны тек кәсіби біліктілігі үшін ғана емес, сонымен қатар адамгершілік қасиеттері, әділдігі мен көшбасшылық қабілеттері үшін де құрметтейді. Өзінің қажырлы еңбегімен, ұжымдағы беделімен ол көптеген адамдардың үлгісіне айналды.

Мылтықбай Қордабайұлына лайықты да қошеметтеуге тұрарлық көптеген жетістіктері үшін алғысымызды білдіре отырып, оның алдағы еңбек жолында жаңа жетістіктер мен табыстар тілейміз!



60 ЖАС — ЖАҢА БЕЛЕС

Күлайша Жұмашқызы Бигашева

Өндірістік емес төлемдер
басқармасының бас маманы

Өндірістік емес төлемдер басқармасының бас маманы, салық саласында біршама жылдық еңбек өтілі бар Бигашева Күлайша Жұмашқызы өз өмірінің мерейлі 60 жылдық белесін атап өтті. Бұл маңызды дата оның ұзақ жылғы еңбегінің жемісі мен кәсіби шеберлігінің айқын көрінісі.

Күлайша Жұмашқызының біліктілігі мен іскерлігі салық саласында сүбелі үлес қосуына негіз болды. Ол әрдайым өз ісіне адал болып, кәсіби білімін үнемі жетілдіріп келеді. Бигашева Күлайша Жұмашқызының салық саласындағы қызметі көпшіліктің құрметіне ие болып, салық жүйесінің тиімділігі мен дамуына бағытталған бірқатар маңызды бастамаларға қолдау көрсетті.

Салалық қызметтегі жетістіктері мен табандылығы оны өз саласындағы сарапшылар қатарынан ерекше орынға иелендірді. Олардың арасында оның мейірімділігі, кәсіби іскерлігі және өз жұмысына деген адалдығы жоғары бағаланады.

60 жас — бұл жаңа мақсаттар мен болашаққа деген сеніммен қадам басатын кезең. Бигашева Күлайша Жұмашқызының өмір жолы мен еңбекке деген сүйіспеншілігі жас ұрпақ үшін зор үлгі болып табылады. Барша әріптестері оны бұл ерекше күні құттықтап, алдағы еңбек жолында одан әрі жетістіктер тілейді!



МАҚТАУЛЫ МАМАН АЯУЛЫ АНА



Жұлдыз Зекенқызы Қадырова

Өндірістік емес төлемдер
басқарамасының басшысы

Жұлдыз Зекенқызы Қадырова – өмірінің 30 жылын салық қызметіне арнаған білікті маман, ел құрметіне бөленген еңбекқор тұлға. Ол 1976 жылы Қарағанды облысы, Қарсақпай кентінде дүниеге келген. Экономист-бухгалтер және экономист-қаржыгер мамандықтары бойынша білім алып, еңбек жолын 1994 жылы Жезқазған қаласындағы салық инспекциясында хатшы-машинист ретінде бастады. Кәсібилігі мен жауапкершілігінің арқасында түрлі қызметтерді абыроймен атқарып, қазіргі уақытта Ұлытау облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің Өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы қызметін атқарады.

Жұлдыз Зекенқызының қажырлы еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол қалалық және облыстық деңгейдегі түрлі марапаттарға ие болды. 2024 жылы ҚР Қаржы министрлігінің Құрмет грамотасымен және «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ол салық жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды жіті қадағалап, қала бюджетінің кірісін арттыруға зор үлес қосып келеді.

Отбасында Жұлдыз Зекенқызы мен жары Ерлан Болсынұлы 22 жылдан астам уақыт бойы тату-тәтті өмір сүріп, бес бала мен екі немере тәрбиелеп отырған үлгілі ата-ана. Жұмыста жауапкершілігі жоғары, өмірде мейірімді жар, аяулы ана бола білген Жұлдыз Зекенқызы бүгінде тәжірибесімен жас мамандармен бөлісіп, оларға үлгі болуда. Қарапайымдылық пен табандылықты ұштастыра білген жанның еңбегі мен өмір жолы көпшілікке өнеге.



**Жетістікке
жету жолы —
ЕҢБЕК,
АДАЛДЫҚ
ЖӘНЕ ОТБАСЫ**



**Айғана
Ахметиярқызы
Исаева**

Аудит басқарамасының
бас маманы



Айғана Ахметиярқызы – бес баланың анасы, отбасына қамқор жар және салық саласында 15 жылдық тәжірибесі бар кәсіби маман. Ол қызметте абыройға ие болып, қоғамның сенімін ақтап жүрген жан.

Жары Бақытбек Нұрғалиев – шахтер. Олардың отбасында үш ұл мен екі қыз тәрбиеленуде. Үлкен ұлы архитектура университетінде, екінші ұлы медицина институтында оқып, болашаққа үлкен жоспар құруда. Кіші балалары мектепте ата-анасынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті үйренуде.

Айғана Ахметиярқызы өз жұмысында жоғары кәсібилігімен ерекшеленеді. Ол салық жүйесін жетілдіру, азаматтарға қызмет көрсету және олардың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруда үлкен үлес қосуда.

Жезқазған қаласының дамуына еңбегімен ықпал етіп, әлеуметтік жобаларға белсенді қатысады. Балаларын тәрбиелеу арқылы болашақ қоғамның дамуына үлес қосып, айналасына шабыт беретін тұлға ретінде танымал.

Айғана Ахметиярқызы – отбасылық өмір мен мансапты үйлесімді ұштастыра білген, табандылық пен кәсібиліктің үлгісін көрсететін жан. Оның өмір жолы еңбек пен адалдықтың арқасында жетістікке жетуге болатынын дәлелдейді.



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – ҮЛКЕН ӨМІРГЕ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ



Мөлдір Маратқызы Жүнісова

Салық төлеушілермен
жұмыс бөлімінің басшысы

Әр адам өміріндегі ең маңызды шешім қабылдап, өзінің болашағына алаңдап, мамандық таңдау туралы ойланатын сәт келеді. Бұл маңызды шешім – үлкен қадамға жетелейтін баспалдақтардың бірі.

Оқу орнын аяқтағаннан кейін таңдаған мамандығымды үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамым деп білемін. Мектеп кезінен есеп-қисапқа деген қызығушылығым қазіргі мамандығымның бір себебі болды. Бүгінде салық саласында өз жолын бастаған жас маманның бірімін. Бұл сала өзінің күрделілігімен және қызықты қырларымен ерекшеленеді. Мен үшін осы салада жұмыс істеу тек кәсіби қызмет қана емес, ел экономикасына ықпал етудің бірегей мүмкіндігі.

Салық жүйесіндегі жас мамандардың рөлі ерекше. Олар тек тәжірибе жинап қана қоймай, жаңашыл ойларымен және тың идеяларымен жүйені жетілдіруге үлес қосады. Бұл салада күш пен табандылық, жауапкершілік, байыптылық және мұқият болу маңызды. Менің басты қызметтік міндетім - салық төлеушілерге сапалы, әрі нақты мемлекеттік қызметтерді көрсету, қажетті ақпаратты сауатты және дәйекті түрде жеткізе білу.

Әр жас маманның мансабының басында қиындықтар кездеседі. Бірақ, мен оларды тек тәжірибені арттыруға мүмкіндік деп қабылдаймын. Ең бастысы – өз күшіне сену және қойған мақсатына жету жолында табандылық таныту.

Салық саласына жаңадан келген жастарға алдымен мамандықты шын жүрекпен сүю керек деп кеңес берер едім. Өз ісін сүйетін адам кез келген бағытта үлкен нәтижеге қол жеткізе алады. Терең білім алуға ұмтылып, өз ісіңе деген жауапкершілікті жоғалтпаған жөн. Сондай-ақ халықпен жұмыс істеу дағдыларын дамытып, әр жағдайды байыппен шешуге дайын болу маңызды. Білім мен тәжірибені қатар дамытыңыз, өйткені бұл салада тек теориялық білім емес, нақты тәжірибе де маңызды рөл атқарады.

Болашақта өзімді осы саладағы үздік мемлекеттік қызметші ретінде көремін. Бұл мен үшін тек арман ғана емес, нақты мақсат. Мен өз мамандығымды сүйемін және мақтан тұтамын! Салық жүйесінің мықты маманы болу үшін барлық күш –жігерімді сарп етуге әзірмін! Еліміздің берекесі нық, іргесі берік, болашағы жарқын, экономикасы өркендеп, қанаттанып өсуіне тілектеспін!



ТУҒАН ЖЕРГЕ АДАЛДЫҚ ПЕН ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫ

Туған жер — әрбір адамның жүрегінде мәңгілік орын алатын, оның бойында терең сүйіспеншілік пен құрмет сезімін оятатын ерекше ұғым. Туған жеріміздің топырағында өскен әрбір адам үшін оның мәні мен мағынасы өте ерекше. Ол тек географиялық мекен емес, ата-бабаларымыздың тарихы мен мәдениетінің, салт-дәстүрлерінің, рухани мұраларының алтын қазығы. Сондықтан да, мен өзімнің туған жерім, қазақ жеріммен мақтанамын.

Мен, Жезқазған қаласында дүниеге келіп, осы қасиетті топырақта білім алып, тұлға ретінде қалыптастым. Бала күнімнен бастап №7 мектеп-лицейінде білім алу менің өмірімнің алғашқы қадамдары болды. Ал, жоғары білімімді Қытай Халық Республикасындағы Ханчжоу қаласындағы Чжэцзян қаржы-экономикалық университетінде толықтырдым. Алған білімім мен дағдыларымды елімнің дамуына, өркендеуіне бағыттау менің басты мақсатым.

Ұлытау облысы, Жезқазған қаласы — менің туған жерім. Бұл жерде мен өстім, білім алдым, болашағыма қадам бастым. Әрбір көшесі мен жері, әрбір тасы мен жартасы мен үшін қадірлі әрі қымбат. Туған жердің топырағында тыныс алу, оның тіршілігіне куә болу — жүрегіңді жай таптырмайтын үлкен мақтаныш.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметте жүріп, ел үшін қызмет ету менің өмірлік ұстанымым. Туған жеріме, елімнің дамуына үлес қосу — мен үшін қасиетті борыш. Өз халқымның, елімнің болашағы үшін жұмыс істеу менің басты мақсатым. Туған жерге деген құрметім мен махаббатым мені әрқашан алға жетелеп, осы қасиетті жерге өз үлесімді қосуға үнемі күш-жігерімді салып келеді.

Туған жерге деген шынайы сүйіспеншілік, оны дамытуға деген жауапкершілік мені әр күн сайын жаңа жетістіктерге жетелейтін құндылықтар. Әр қадамым, әр ісім осы қасиетті жердің өркендеуіне арналған деп білемін.



**Диана Ержанқызы
Темірова**

Тауарлар шығарылғаннан кейінгі кедендік бақылау бөлімінің бас маманы



ҮЗДІК САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ

2022 жылдың қорытындысымен Ұлытау облысынан "Үздік салық төлеуші" атағын "Karazhal Operating" ЖШС иеленді. "Karazhal Operating" ЖШС Еуразиядағы барит ауырлатқышын өндіретін ең ірі және жоғары технологиялық зауыт.

Karazhal Operating өндірістік қуаты - жылына 200 000 тонна концентрат. Шығарылатын өнімнің бұл көлемі Schlumberger және Halliburton сияқты мұнай өндіруші әлемдік алпауыттардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Karazhal Operating Қаражал моноқаласының дамуына тікелей ықпал ететіні де маңызды фактор болып табылады. Кәсіпорында жүзден астам жұмыс орны құрылды. Бұл Америка Құрама Штаттарында оқыған жоғары білікті кадрлар. Кәсіпорын аймақтағы ірі жұмыс беруші болып табылады және тұрақтылық пен лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Өзара сенім мен жақсы стандарттарға ұмтылу негізінде Karazhal Operating компаниясы Еуропада сапасы бойынша №1 БАРИТ АУЫРЛАТҚЫШ өндірісін іске асырды.

«Karazhal Operating» ЖШС





МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ



Ләззат Тұрдақынқызы Қасымқұлова

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитеті
Оқу – әдістемелік орталығы
басшысының орынбасары

Мемлекеттік қызметкерлердің арасында-мінездің алар орыны ерекше. Дана бабаларымыздың «елді билеу білімнен емес мінезден» деген теңеуінде артық сыр жатқанына көбіміз мән бере бермейміз. Ғасырлардан сарқылып өтіп, руханиятта жаңғырып, әдетпен қалыптасып, әдеппен санамызға сіңген мінез кім-кімдердің өр тұлғасының кім екенінен хабар береді.

Мінез туралы зерттеу жұмыстарын жүргізген көрнекті ғалымдарымыз профессорлар Қ. Жарықбаев, А. Табылдиев және басқалары адам баласының өсіп-жетілу кезеңіндегі болмысымызға тән мінездердің қалыптасуын, тәрбиелі орта мен айналадағы аралас жүрген адамдардың іс-әрекеттерінен бойға сіңірілетін құбылыс екенін анықтаған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді.

Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне сыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Қоғам мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңдарға сәйкес барлық адал ниетімен құзыретті және тиімді түрде орындайды деп есептейді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

